

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын
тест тапсырмалары*

1. Қазақ халқының дәстүрлі тағамтану жүйесі экология және шаруашылықпен тығыз байланысты болды. Сондықтан қазақтың әрбір дәстүрлі тағамы денсаулық үшін құнды әрі пайдалы болып келеді. Назарларыңызға ұлттық тағамның түрлері мен дайындалу әдістерін ұсынамыз.

2. Жент (қоспа) – қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын өте дәмді тағам. Жент жасау шеберлікті талап етеді. Ақталған тарыны диірменге салып ұнтақтайды. Оған құмшекер, ұнтақталған ірімшік салып араластырады. Содан соң қазанға жылқының майын құйып ысытып, жаңағы араластырған тары мен ірімшікті салып, оттың болмашы табында араластырады. Жент майды бойына сіңірген соң, ыдысқа салынып, салқын жерге қойылады.

3. Қаймақ – сиырдың, қойдың, ешкінің пісірілген сүтінің бетіне жиналатын маңызы (майлы құрамы). Пісірілген сүтті бетін ашып салқын жерге қойса, сүт салқындаған сайын оның бетіне қабыршақтанып қаймақ жиналады. Қаймақ қалыңдығы сүттің құнары (нәріне) және сүттің пісірілуіне байланысты болады.

4. Құрт – малдың сүтінен дайындалып ұзақ уақыт сақталатын тағам. Сабаға сүтті жинап, сүт ашығаннан кейін піседі, сүт іркітке айналып, майы бетіне қалқып шығады. Майын бөлек алып, тұздап қарынға салады да, іркітті қазанда суы сарқылғанша қайнатады. Құрт қайнап жатқан кезде қазанның түбін, ернеуін қырып, әлсін-әлсін араластырып отырады. Құрт қайнап, әбден қоюланған соң, қапқа құйып, керегенің басына немесе ашаға іліп, сары суын ағызады. Құрт қапта бір тәулік тұрған соң, суы әбден сарқылып, құрғайды. Бұдан кейін құртты қаптан алып, сықпалап бөліп, шиге, тақтаға қолмен сықпалап өреге жайып кептіреді.

5. Сары май сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен алынады. Сары май ірі қараның не серкенің терісінен тігілген саба, торсықта, не болмаса ағаш күбінде дайындалады. Шикі сүттен ұйытатын айранды, қатықты, кейде іріген сүт пен шикі сүттің өзін сабаға не күбіге құйып, әбден толған кезде піседі. Іркіттің пісуі жеткен кезде май ыдырап бөлек шығады. Бірден жұқа матадан тігілген дорбашаға салып, қолмен сығымдап майды сүзеді. Сүзгіден тазарып шыққан майды суық суға салып, іркітінен арылтып, тоңазытады. Жайпақ ыдысқа салып, қолмен мытып, алақанмен шапалақтап суын шығарады. Содан кейін тұздап, ыдысқа салады.

6. Уыз – жаңа төлдеген малдың желініне жиналатын қою сүт. Уыз «сары уыз», «ақ уыз» деп екіге бөлінеді. Сары уыз әрі қою, әрі желім сияқты жабысқақ болады. Ақ уыздың өңі сары уызға қарағанда ақшыл әрі сұйықтау келеді. Сары уызды төлдің өзіне емізіп, ақ уызды сауып алып, қою болғанша қайнатады.

1. Құрт тағамының дайындалуы
 - A) құмшекер қосып жасалынады
 - B) тұзсыз жасалынады
 - C) сары сумен жасалынады
 - D) уыз сүттен жасалады
 - E) ашыған сүттен жасалады
2. 4-азатжолда «Сабаға сүтті жинап, сүт ашығаннан кейін піседі, сүт іркітке айланып, майы бетіне қалқып шығады» делінген. Дәл осы іс-әрекет арқылы алынатын тағы бір тағам түрі
 - A) жент
 - B) қаймақ
 - C) сары май
 - D) ірімшік
 - E) уыз
3. Жылдың төрт мезгіліне шыдайтын, ұзақ сақтауға келетін тағам түрі
 - A) Құрт
 - B) Сары май
 - C) Қаймақ
 - D) Жент
 - E) Уыз
4. Мал төлдегенде ғана дайындалатын тағам түрі
 - A) Сары май
 - B) Уыз
 - C) Жент
 - D) Құрт
 - E) Қаймақ
5. Мәтіннің жазылу стилі
 - A) Публицистикалық
 - B) Ресми іқағаз
 - C) Ауызекі сөйлеу
 - D) Ғылыми
 - E) Көркем әдебиет

1. Синоним сөздерге тән ерекшелік
 - A) Синонимдердің мағынасы әртүрлі болады
 - B) Синонимдер біркелкі дыбысталып айтылады
 - C) Синонимдердің мағынасы қарама-қарсы болады
 - D) Синонимдер бірнеше мағынаға ие болады
 - E) Синонимдер бір ғана сөз табынан жасалады
2. Түбір сөздер қатары
 - A) Ғарыш, жамандық
 - B) Сұлтан, қауға
 - C) Нарық, үйлестіру
 - D) Жұбайы, демеуші
 - E) Емхана, дихан
3. Ортақ етіс қатысқан сөйлем
 - A) Ғалым ағаның бұл ойының жүзеге асатынына еш күмән жоқ.
 - B) Сағынышты ана көңілі зорға шыдап жүргенін сездіреді.
 - C) Сонда өмірді қалай, қайда барып зерттемек керек?
 - D) Қалың қар жүрісіне бөгет болып, қозғалысын өндірмейді.
 - E) Екеуі әлденеге күлісіп, әңгімелесіп келеді.
4. Туынды түбірлер қатары
 - A) Халық, бесінші
 - B) Қараңғылық, көшпелі
 - C) Болашақ, дарын
 - D) Сарай, мекеме
 - E) Патша, шабарман
5. Тұйық етістік
 - A) Бау-бақша
 - B) Білу-міндет
 - C) Беу, шіркін
 - D) Тату ел
 - E) Ару қыз
6. Көп мағыналы сөз бар сөйлем
 - A) Домбыра кербез күйінен айырылып, аңырап қоя берді.
 - B) Күз тақау болғандықтан, бетеге бурыл, көде сарғыш.
 - C) Мұхиттай көгілдір, мұхиттай ашық тұңғиық аспан.
 - D) Асығыс жеткен қалың қол ернеу жолға қарай бұрылды.
 - E) Алыста қоңыр көкшіл тартып бүк түсіп жатқан бір адыр көрінеді.
7. Етістіктің мақсатты келер шақ түрі
 - A) Еріншек ездiгiнен көпке көнбек.
 - B) Тұрар Мәскеуден келді.
 - C) Мен киноға баратынмын.
 - D) Ойы екі жаққа жүгіреді.
 - E) Шалдың ерке баласы болыпты.

8. Еліктеуіш сөздерден жасалған туынды етістік
- A) Зарық
 - B) Жарқыра
 - C) Қысқар
 - D) Боса
 - E) Шегеле
9. Туынды зат есімдер қатары
- A) Балалық, жазушы
 - B) Орман, қарағай
 - C) Шыбыртқы, белбеу
 - D) Алыс-беріс, заман
 - E) Жауырынды, батыр
10. Сөз тіркесінің айрықша белгісі
- A) Бір сөздің орнына ғана қолданылады.
 - B) Бірінен екіншісіне сұрақ қоюға болмайды.
 - C) Негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесінен құралады.
 - D) Белгілі синтаксистік қатынасты білдіреді.
 - E) Орындары тұрақты, бір ғана ұғымды білдіреді.